САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Қазақ тілі
Мұғалім	Нурова Мая Курманалиевна
Мектеп, сынып	№22 мектеп-гимназиясы, 7-сынып
Сабақ тақырыбы	Опера театрына барамын

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т1. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынысын түсінеді О1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау
Сабақтың мақсаттары	**Барлық оқушылар орындай алады:** тақырыпқа байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестері, мәтіннің мағынасын түсінеді, берілген мәліметтерді айтады. **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады. **Кейбір оқушылар орындай алады:** тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге қатысты өз ойларын жеткізеді.
Жетістік критерийлері	Өз ойын қазақ тілінде жеткізе алады; Тапсырмаларда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсінеді.
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар орындай алады**: сөздер мен сөз тіркестерін тиімді қолдана алады. Сабақтың тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды. **Тақырыпқа қатысты сөздік және терминология**: қабілетті, сәулетші, қасбеті, маңдайша, патшайым, қос доңғалақты. **Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:** өнер қайраткерлері, алғашқы құрамы, жалпы аумағы.

Жоспар

Жоспарланатын уақыт	**Жоспарланған іс-әрекеттер**	**Дереккөздер**
Сабақтың басы 5 мин 3 мин	**Ұйымдастыру:** - оқушыларға психологиялық ахуал туғызу; - сабақтың тақырыбын ашу; Интербелсенді тақтада суреттер көрсетіледі.(Театрлардың суреттері). Екі үзінді көрсетіледі (опера әндері) «Көргеніңді екі-үш сөйлеммен сипаттаңдар» - оқушылар сурет қиындылары арқылы төрт топқа бөлінеді.	*Келесі қысқартуларды қолданыңыз:* *МЖ = Мұғалім жасаған* *ӨД = өзге дерек көздері*

	«Тілек шеңбері» бір-біріне жақсы тілектер айту.	

Сабақтың ортасы 10 минут https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-tili/orta-denggej/12-tarau/lesson/2-sabaq 12 минут https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-tili/orta-denggej/12-tarau/lesson/2-sabaq https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-tili/orta-denggej/12-tarau/lesson/2-sabaq	**Мұғалімнің кіріспе сөзі :** Жаңа сабақтың мақсаты айтылады. **«Өрмекші» әдісі** Өткен тақырыптардағы сөздіктерді сұрау ***Бағалау парағын үш топқа тарату*** **1-тапсырма.** **Сөздікпен жұмыс: (оқу)** Интербелсенді тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады. -сөз тіркесін құрастыру -сөйлемдер құрастыру **2-тапсырма:** **Бейне тапсырма:** Интербелсенді тақтада 12 тарау   	*С = барлық сынып* *Т = топтық жұмыс* *ЖЖ = жұптық жұмыс* *Ж = жеке жұмыс* *Тәж = оқушы тәжірибесі* *К = мұғалімнің көрсетуі*

15 мин https://itest.kz/ru/ent/kazahskiy-yazik/lekciya_etistik_turleri_etistikting_turlenui_sojlemdegi_qyzmeti_kazakhskij_yazyk_morfologiya_ru Бағалау	   **3-тапсырма:** 1-топ: Мәтінді оқиды 2-топ: Мәтін бойынша жоспар құрайды 3-топ.: «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтады.	

	Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіреді. Сұрақтары: Қайтті? Не істеді? Не қылды? *Ертең ат* ***шабады*** *(қайтеді?), балуан* ***күреседі*** *(не істейді?).* **Етістік** құрамына қарай екіге бөлінеді: 1) **дара етістік;** 2) **күрделі етістік.** **Дара етістік бір ғана сөзден тұрады.** Мысалы: Жапырақтардың сыбдыры ***естіледі.*** Сөйлемдегі **естіледі** етістігі бір ғана сөзден тұрған **дара** етістік. **Күрделі етістік екі** не **одан да көп сөзден құралады, бір мағынаға ие болады, бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.** Мысалы: *Бала* ***күліп жіберді.*** *Бала* ***күліп жіберe жаздады.*** *Бала* ***күліп жіберуге шақ қалды.*** Сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырап кірігуінен жасалған күрделі етістіктер: ***апар – алып бар, әкел – алып кел, әкет – алып кет, әпер – алып бер, түрегел – тұрып кел.*** Сөздердің қосарлануынан жасалған күрделі етістіктер: ***бара-бара шаршады, айта-айта жалықты, күліп-күліп шығып кетті.*** Күрделі етістік құрамындағы бірінші сөз **негізгі етістік** болады да, негізгі мағынаны білдіреді. Кейінгі сөздер **көмекші етістік** болады. Етістік тұлғасына қарай екіге бөлінеді: 1) **негізгі түбір етістік;** 2) **туынды түбір етістік.** **4-тапсырма.** **Постер-**Әр топ тапсырма бойынша постер салады, постерлерін қорғайды, жарнамалайды. 1-топ:« Астана опера» театры 2-топ:« Алматы опера» театры 3-топ: «Қызылорда опера» театры **Бағалау критерийлері:** 1. Тақырыптың ашылуы – 1 ұпай 2. Түсіндіре алу – 1 ұпай 3. Сөз байлығы – 1 ұпай 4. Сауатты сөйлеуі – 1 ұпай 5. Жұмысты безендіруі – 1 ұпай 6. Басқа топты тыңдай білуі – 1 ұпай 7. Бейне тапсырма-1 ұпай Топ басшылары бағалау парақшаларына басқа топқа баға қояды. Формативті бағалау. Мұғалім оқушылардың бағалауы бойынша өз ойларын айтып, қорытынды бағаны өзі қояды.	«Бағдар шам» (қызыл түс – өте жақсы , жасыл – жақсы , сары түс-қанағаттанарлық)
Сабақтың соңы 2 минут	**Рефлексия:** «Кері байланыс» әдісі **Үйге тапсырма:** Қазақтың атақты опера әншілері туралы мәлімет дайындап келіңдер.	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін парақшағ

		а жазады.

Бағалау парағы

Критерийлер Тақырып төңірегінде оқушылар сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру, сұхбаттасу.	**Дескрипторлар**		**Топтар**		
		1	**2**	**3**	**4**
	1. Тақырыптың ашылуы				
	2. Түсіндіре алуы				
	3. Сөз байлығы				
	4. Сауатты сөйлеу				
	5.Жұмысты безендіруі				
	6. Басқа топты тыңдай білуі				
	7. Постер тапсырмасы				
Барлық ұпай саны:					

15-10- Жоғары деңгей – «5»

9-6- Жеткілікті деңгей- «4»

5-3 –Орта деңгей – «3»